

«БЕКІТІЛДІ»
 ҚР ҒЖБМ «Ұлттық тестілеу орталығы» РМҚК директоры
 Р. Емелбаев
 «___» _____ 202__ ж.



Жаратылыстану-математика бағыты
«Жануарлар анатомиясы мен физиологиясы» пәні бойынша
оқытудың қысқартылған мерзімін көздейтін жоғары білім берудің білім беру
бағдарламаларына түсушілер үшін ұлттық бірыңғай тестілеуге арналған
тест спецификациясы
 (2023 жылдан бастап қолдану үшін)

1. Тест мақсаты: Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының бітірушілері жоғары оқу орындарында оқуды жалғастыра алу қабілетін анықтау.

2. Тест міндеті: Оқытудың қысқартылған мерзімін көздейтін жоғары білім берудің келесі білім беру бағдарламаларына түсу үшін арналған тест:

В083-Ветеринария

3. Тест мазмұны:

№	Тақырып	№	Тақырыпша	Оқыту мақсаты
01	Жалпы цитология, гистология және эмбриология негіздерімен	01	Жасушаның құрылысы	Жасушалардың дамуын, құрылымын және тіршілік әрекетін түсіндіру. Жасушалардың бөліну сатыларымен танысу және оларды ажырата білу. Жасушаның құрылысын микроскопиялық зерттеу.
		02	Ұлпа	Ұлпалар туралы жалпы түсінік беру.
		03	Эмбриология	Ағзаның құрсақ ішіндегі дамуы туралы оқып үйрену.
02	Жануарлар ағзасы туралы жалпы түсінік	04	Ағза мүшелері	Ағза мүшелері мен жүйелерін оқып үйрену. Жануарлардың денесінің бөлімдері мен аумақтарын ажыратуды үйрену.

	Тірек-қимыл аппараты	05	Қаңқа және оның бөлімдері	Жануарлардың қаңқа бөлімдерін меңгеру. Қаңқа сүйектерін жалпы пішініне қарай жіктеу. Қаңқа сүйектерінің құрылысымен, химиялық құрамымен және физикалық қасиеттерімен танысу. Омыртқа бағанының бөлімдерімен және оларды құрайтын омыртқалардың жалпы құрылысымен танысу. Мойын, бел, құйымшақ, құйрық омыртқаларының құрылысымен танысу. Жануарлардың бассүйегі ми сауыты бөлімін зерттеу. Алдыңғы және артқы аяқ қаңқасының сүйектерімен танысу.
		06	Қаңқа сүйектерінің байланысы	Біліктік және шеткі сүйектерінің байланыс түрлерімен танысу.
03	Бұлшықет жүйесінің анатомиясы	07	Бас, иық, омыртқа бағанның, алдыңғы және артқы аяқ бұлшық еттері	Бас және иық бұлшық еттерімен танысу. Омыртқа бағанның бұлшықеттерімен танысу. Алдыңғы және артқы аяқ бұлшық еттерімен танысу.
04	Тері жабыны және оның туындылары	08	Тері және тері туындылары	Тері құрылысын және тері туындыларының құрылысын меңгеру. Тер, май, сүт бездерін және тұяқты зерттеу.
05	Азық қорыту жүйесінің анатомиясы	09	Ас қорыту жүйесі	Ас қорыту жүйесінің бөлімдерімен танысу.
06	Тыныс алу жүйесінің анатомиясы	10	Жоғарғы тыныс алу жолдары	Тыныс алу жолдарының мүшелерімен танысу. Жануарлар өкпелерінің құрылысын зерттеу.

07	Несеп бөлу жүйесі және көбею мүшелерінің анатомиясы	11	Несеп бөлу жүйесінің мүшелері	Бүйректің құрылысы, орналасуы және бүйрек түрлерімен танысу. Аталық және аналық жыныс бездерінің құрылысымен танысу.
08	Ішкі секреция бездерінің анатомиясы	12	Ішкі секреция бездері	Эндокринді бездерінің топографиясы және құрылысын зерттеу.
09	Қан-лимфа айналым жүйесінің анатомиясы	13	Қан айналым жүйесі	Қан тамырлар жүйесінің бөлімдерімен танысу. Жүрек, жүрекқап құрылысын зерттеу және қан айналым шеңберін ажырату. Қолқа, артерия және вена тамырларын ажырату. Лимфа және қантүзу (қанжасау) мүшелерін зерттеу
10	Жүйке жүйесінің анатомиясы	14	Жүйке жүйесі және жұлынның құрылысы	Жүйке жүйесінің бөлімдерін және жұлынның құрылысын зерттеу. Ми бөлімдерінің және жұлын жүйкелерінің құрылысымен танысу.
11	Сезім мүшелерінің анатомиясы	15	Сезім, есту және көру мүшелерінің құрылысы	Көру, есту-тепе-теңдік, иіс, дәм, тері сезім мүшелері құрылысымен танысу.
12	Үй құстарының анатомиясы	16	Құс анатомиясының ерекшеліктері	Үй құстарының мүшелер жүйесінің құрлыс ерекшеліктерімен танысу.
13	Ас қорыту физиологиясы	17	Ас қорыту жүйесі	Ауыз қуысындағы ас қорыту қызметімен танысу. Асқазандағы ас қорыту қызметімен танысу.
14	Қан және қан айналым жүйесінің физиологиясы	18	Қан және лимфа	Қанның қызметі және қан жасушалары туралы білімді игеру.

		19	Қан айналым жүйесі	Жүрек, жүрек саздарын тыңдау, жүрек бұлшық еттерінің физиологиялық қасиетін анықтау, тамыр соғысы және қан қысымы өлшеу.
15	Тыныс алу физиологиясы	20	Тыныс алу жүйесі	Жануарлардың өкпедегі ауа алмасу үдерісін зерттеу.
16	Зат алмасу және энергия алмасу физиологиясы	21	Зат алмасу	Көмірсу, май, ақуыз, тұз және су және жылу алмасу үдерістерін меңгеру.
17	Несеп бөлу жүйесінің физиологиясы	22	Несептің физикалық және химиялық қасиеттері	Несептің физикалық және химиялық қасиеттерін зерттеу. Бүйректің қызметін зерттеу.
18	Ішкі секреция бездерінің физиологиясы	23	Ішкі секреция бездері	Ішкі секреция бездерінің қызметімен танысу.
19	Көбею және лактация (сүтею) физиологиясы	24	Аталық және аналық жыныс жүйесі	Аталық және аналық жыныс мүшелерінің қызметімен танысу. Буаздық, сүтею және туу үдерісімен танысу.
20	Бұлшықет физиологиясы	25	Бұлшықет қасиеттерін зерттеу	Бұлшық ет жиырылуын демонстрациялау.
21	Жүйке жүйесінің физиологиясы	26	Орталық жүйке жүйесінің қызметі және рефлекторлы доға	Орталық және шеткі жүйке жүйесінің қызметімен танысу. Рефлекс және оның түрлерімен танысу.
22	Талдағыштар физиологиясы	27	Сезім, есту және көру мүшелерінің қызметі	Сезім мүшелерінің қызметімен танысу.

4. Тест мазмұнының сипаттамасы:

Тест «Жануарлар анатомиясы және физиологиясы» пәні бойынша 40 тест тапсырмаларынан тұрады. Оның ішінде:

- 20 бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары;
- 10 бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары
- 10 бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмаларынан тұратын 2 жағдаят (контекст).

